

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 289 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 10 маусымда № 36235 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 9 маусымдағы
№ 289 Бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Біліктілік емтиханын өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 191 бұйрығына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9479 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшінің біліктілік емтиханын өткізу қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрыққа кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-4) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 103) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған әкімшінің біліктілік емтиханын өткізу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Біліктілік емтиханын өткізу қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшінің біліктілік емтиханын өткізу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Әкімшілік біліктілік емтиханын өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-4) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 103) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтиханын өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) оңалту және банкроттық саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның көрсету тәртібін айқындайды .";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3 Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеке тұлғаға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.";

6 және 7 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес біліктілік емтиханын тапсыруға рұқсат беру туралы өтініш.

"Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтиханын өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген.;"

7. Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі өтініш және құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштің қабылдану мәртебесі туралы ақпарат көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндерде жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтінішті және құжаттарды тіркеген күні оларды кейіннен орындаушыны анықтау үшін көрсетілетін қызметті берушінің оңалту және банкроттық мәселелерін реттейтін құрылымдық бөлімшесінің басшысына береді.;"

24-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Хаттамада: біліктілік емтиханының өткен күні, уақыты мен орны, көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тестілеу нәтижесі, емтихан билетінің нөмірі, емтихан сұрақтары бойынша Комиссия мүшелері берген баллдар және жалпы орташа бал, сондай-ақ Комиссия шешімі көрсетіледі, хаттамаға біліктілік емтиханын өткізу кезінде қатысқан Комиссия мүшелері, бірақ Комиссияның барлық құрамының кемінде үштен екісі қол қояды.";

24-3 тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Хаттамада: біліктілік емтиханының өткен күні, уақыты мен орны, бейнеконференцбайланысты қолданғаны туралы ақпарат, көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тестілеу нәтижесі, сондай-ақ Комиссия шешімі көрсетіледі, хаттамаға біліктілік емтиханын өткізу кезінде қатысқан Комиссия мүшелері, бірақ Комиссияның барлық құрамының кемінде үштен екісі қол қояды.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарастырылуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарастырылуға жатады.";

1, 1-1 және 2-қосымша осы тізбеге 1, 2 және 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Оңалтуды және банкроттықты басқарушылардың қорытынды есебінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 15 мамырдағы № 224 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9522 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-4) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген оңалтуды басқарушының қорытынды есебінің нысаны осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

банкроттықты басқарушының қорытынды есебінің нысаны осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 343 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20278 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілді:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-4) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 101) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларында:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (

бұдан әрі – Заң) 15-бабы 1-4) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 101) тармақшасына сәйкес әзірленді және:".

4. "Уақытша әкімшінің, уақытша басқарушының және оңалтуды басқарушының борышкердің қаржылық тұрақтылығы туралы, сондай-ақ оңалту жоспарында көзделген іс-шараларды іске асыруды ескере отырып, банкроттықты басқарушының борышкердің қаржылық тұрақтылығы туралы қорытындыларының үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20454 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-4) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 111) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымша осы тізбеге 6, 7, 8 және 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Біліктілік емтиханын
өткізу қағидаларына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитетіне

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол
жеке басын куәландыратын
құжатта көрсетілсе)

(тұрғылықты жерінің
мекенжайы)

(байланыс телефоны,
электрондық мекенжайы)

Біліктілік емтиханын тапсыруға рұқсат беру туралы өтініш

Маған біліктілік емтиханын тапсыруға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Біліктілік емтиханын тапсыру тілі: _____.

Қоса берілетін құжаттар:

_____;

_____.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растай отырып ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын
қуәландыратын құжатта көрсетілсе)

20 _ жылғы " ____ " _____.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Біліктілік емтиханын
өткізу қағидаларына
1-1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
көрсетілетін қызметті
берушінің бизнес-
сәйкестендіру нөмірі

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол
жеке басын қуәландыратын
құжатта көрсетілсе)

Көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын, мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі

Мен, _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 191 бұйрығымен бекітілген Біліктілік емтиханын өткізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9479 болып тіркелген) 6-тармағына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісім беремін.

Ұсынылатын құжаттардың дұрыстығын және мемлекеттік қызмет көрсету кезінде біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін талап етілетін өзге де мәліметтерді қамтитын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісемін.

Осы Келісім мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алғанға дейін барлық кезең ішінде қолданылады.

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын
куәландыратын құжатта көрсетілсе)
20 __ жылғы " ____ " _____.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтары тізбене
3-қосымша
Біліктілік емтиханын
өткізу қағидаларына
2-қосымша

"Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтиханын өткізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті көрсету әдістері	www. egov. kz "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханынан өткені туралы шешімі – 2 (екі) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының) қызметін жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханынан өткені туралы шешімі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ)

		куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жолданады.
6	Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндірілетін төлем мөлшері және оны өндіру тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін. Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске және Заңға сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
		1) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 191 бұйрығымен бекітілген Біліктілік емтиханын өткізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9479 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) 1-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түріндегі әкімшінің (уақытша әкімшінің, оңалтушы, уақытша және банкроттықты басқарушының)

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

қызметін жүзеге асыру құқығына үміткер адамдардың біліктілік емтиханын тапсыруға рұқсат беру туралы өтініш;

2) құқық, экономика және бизнес саласындағы жоғары білімі туралы диплом;

3) заңгерлік, экономикалық, бухгалтерлік, қаржылық, аудиторлық немесе бақылау-ревизия салаларындағы қатарынан үш жылдан кем емес жұмыс өтілін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес Қағидалардың 1-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі.

Осы тармақтың 4)-тармақшасында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының келісімі қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізу, оны жинау және өндеуді қамтиды.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттың, өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы немесе болмауы туралы, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұратындығы/тұрмайтындығы туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден

Көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың,

9	көрсетілетін қызметті берушінің бас тартуы үшін негіздемелер	объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының порталындағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Бірыңғай байланыс орталығы: 8 800 080 7777, 1414. Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін ЭЦҚ немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2014 жылғы 15 мамырдағы
№ 224 бұйрығына
1-қосымша
нысан

(тегі, аты, әкесінің аты
(егер ол жеке басын
куәландыратын құжатта
көрсетілсе) немесе
борышкердің атауы)
кредиторлар жиналысының
20__ жылғы " __ " _____

кредиторлар жиналысы
төрағасының
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты
(егер ол жеке басын
қуәландыратын
құжатта көрсетілсе)

Оңалтуды басқарушының қорытынды есебі

_____ (күні)

_____ (жасалған жері)

_____ (оңалтуды басқарушының тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.))

1. Борышкер туралы жалпы деректер

1.1. Борышкер туралы мәліметтер:

Атауы (құрылтай құжаттарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде)/Т.А.Ә.(егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе)	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) / жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)	Ұйымдастыру-құқықтық нысаны	Заңды мекенжайы, телефон	Экономикалық қызметтің түрі, коды**	Өндірістік қызметті жүзеге асыруы
1	2	3	4	5	6

1.2. Басшы (басшылары)/лауазымды адамдары туралы мәліметтер:

реттік санының №	Лауазымы	Т.А.Ә. (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе)	ЖСН	Басшылық ету кезеңі		Тұрғылықты жері (заңды мекен жайы), телефоны
				бастап	дейін	
1	2	3	4	5	6	7

1.3. Құралтайшы (құралтайшылар) туралы мәліметтер:

реттік санының №	Атауы/Т.А.Ә. (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе)	БСН/ЖСН	Қатысу үлесі және сомасы (пайыз, мың теңге)	Қатысу кезеңі	Заңды мекенжайы/ тұрғылықты жері, телефоны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

1.4. Жарғылық капиталдың мөлшері (мың теңге) _____

1.5. Жарғылық капиталдағы мемлекеттің қатысуы туралы мәліметтер, (пайыз, мың теңге) _____.

1.6. Борышкер-заңды тұлғаның борышкер мүлкінің меншік иесінің (оған уәкілетті органның), құрылтайшысының (қатысушысының) және/немесе лауазымды адамының (адамдарының) не дара кәсіпкер-борышкердің заңды тұлғалардағы қатысуы туралы мәліметтер:

реттік санының №	Атауы	БСН	Қатысу үлесі және сомасы (пайыз, мың теңге)	Қатысу кезеңі	Заңды мекен ж а й ы / телефоны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

1.7. Оңалту рәсімін енгізу алдындағы үш жыл кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны: _____.

1.8. Борышкерді әділет органдарында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер:

Реттік санының №	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні	Тіркеу нөмірі	Тіркеу орны (әділет органының атауы)	Тіркеу негізі (жаңадан құрылған, қайта құрылған және басқалар)	Қайта тіркеу негізі (жарғылық капитал мөлшерінің төмендеуі, атауының өзгеруі, қатысушылар құрамының өзгеруі және басқалар)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

1.9. Борышкердің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарында тіркелуі туралы мәліметтер:

реттік санының №	Мемлекеттік кірістер органы	Есепке қою күні	Есептен шығару күні	Есептен шығару себебі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

1.10. Борышкерді салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объектінің орналасқан жері бойынша, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде, қосылған құн салығы бойынша мемлекеттік кірістер органдарында тіркеу есебіне алу туралы мәліметтер:

реттік саны №	Мемлекеттік кірістер органы	Есепке қою күні	Тіркеу есебіне алудың жүзеге асырылуы	Есептен шығару күні	Есептен шығару себебі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

1.11. Борышкердің-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының, өкілдіктерінің) бар болуы туралы мәліметтер:

--	--

реттік санының №	Құрылымдық бөлімшелері туралы мәліметтер						
	Атауы	БСН	Әділет органдарында тіркеу (әділет органының атауы, тіркеу күні)	Мемлекеттік кірістер органдарында тіркеу (мемлекеттік кірістер органының атауы, тіркеу күні)	Құрылымдық бөлімшенің орналасқан жерінің мекенжайы	Банк шоттарының № (болған кезде)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

1.12. Санация рәсімі бойынша мәліметтер (қатысу шарттары, қабылданған міндеттемелердің мөлшері мен мерзімі):

1.13. Уақытша әкімші туралы мәліметтер:

реттік санының №	Уақытша әкімшінің Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)/ атауы	Уақытша әкімшінің өкілеттігін жүзеге асыру туралы келісім		Ескертпе
		№	күні	
1	2	3	4	5

1.14. Оңалтуды басқарушы туралы мәліметтер:

№ реттік саны	Уақытша әкімшінің Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)/ атауы	Оңалтуды басқарушының таңдау туралы кредиторлар жиналысының хаттамасы*		Тағайындау туралы бұйрық		Шеттету туралы бұйрық			Ескертпе
		№	күні	№	күні	№	күні	негізі	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

2. Ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралар

2.1. Оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы соттың 20__ жылғы "____" _____ ұйғарымы.

2.2. Уәкілетті органның интернет-ресурсында 20__ жылғы "____" _____ орналастырылған, оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыру.

2.3. Оңалту рәсімін қолдану туралы соттың 20__ жылғы "___" _____ шешімі, оңалту рәсімін қолдану туралы соттың шешімі 20__ жылғы "___" _____ заңды күшіне енді.

2.4. Оңалту жоспарын келісу туралы кредиторлар жиналысының 20__ жылғы "___" _____ № _____ хаттамасы, оңалту жоспарына өзгерістерді және толықтыруларды келісу туралы кредиторлар жиналысының 20__ жылғы "___" _____ № _____ хаттамасы.

2.5. Оңалту жоспарын бекіту туралы соттың 20__ жылғы "___" _____ ұйғарымы, оңалту жоспарын бекіту туралы соттың ұйғарымы 20__ жылғы "___" _____ заңды күшіне енді.

Оңалту жоспарына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы соттың 20__ жылғы "___" _____ ұйғарымы, оңалту жоспарына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы соттың ұйғарымы 20__ жылғы "___" _____ заңды күшіне енді.

2.6. Банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы соттың 20__ жылғы "___" _____ № _____ шешімі.

Борышкер "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 95-1-бабында көзделген тәртіпте банкроттық рәсімнен оңалту рәсіміне көшкен жағдайда 2.6-тармақ толтыруға жатады.

3. Кредиторлар комитетін қалыптастыру және кредиторлар жиналысы

3.1. Кредиторлар комитетінің құрамы және оған өзгерістер (егер енгізілсе), кредиторлар жиналысының 20__ жылғы "___" _____ № _____ хаттамасы *:

реттік санының№	Кредиторлар комитетінің құрамы (кредитордың Т.А.Ә. (ол болған кезде)/ атауы)
1	2

3.2. Кредиторлар жиналысының отырыстары және қабылданған шешімдер (оның ішінде борышкерді басқару борышкер - дара кәсіпкерге не борышкер - заңды тұлға мүлкінің меншік иесі, құрылтайшысы (қатысушысы) уәкілеттік берген органға немесе тұлғаға жүктеу туралы шешім қабылдау, оңалту жоспарын, оңалту жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды келісу, оңалту жоспарында көзделмеген, кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс мәмілелерді келісу, борышкердің өндіріп алынуы мүмкін емес дебиторлық берешегінің сомасын бекіту, оңалтуды басқарушының негізгі сыйақысын белгілеу, оңалту рәсімінің мақсаттарына қол жеткізілген жағдайда оңалтуды басқарушының қосымша сыйақысы айқындау, қорытынды есепті келісу бойынша және өзгелер):

реттік санының №	реттік саны			Қабылданған шешім Хаттама нөмірі	Қабылданған шешім
	Хаттама нөмірі	Отырыстың күні	Күн тәртібі	Қабылданған шешім	Ескерту
1	2	3	4	5	6

3.3. Кредиторлар комитетінің отырыстары және қабылданған шешімдер (оның ішінде оңалтуды басқарушы мен кредиторлар комитетінің арасында жасалған келісім шарттар, оңалту рәсімін жүргізу үшін әкімшілік шығыстардың сметасын және тартылатын қызметкерлердің санын бекіту, оңалту жоспарында көзделгендерді қоса алғанда, кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс борышкердің мүлкін сату тәртібін айқындау бойынша және өзгелер):

реттік санының №	Хаттама нөмірі	Отырыстың күні	Күн тәртібі	Қабылданған шешім	Ескерту
1	2	3	4	5	6

4. Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру және өтеуі

4.1. Оңалту рәсімін енгізу күніне бухгалтерлік баланс бойынша жалпы кредиторлық берешек _____ (мың теңге)

оның ішінде:

өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша; алименттерді өндіріп алу бойынша; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектерді төлей отырып, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбегіне ақы төлеу және оларға өтемақылар төлеу бойынша; қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторларға сыйақылар төлеу бойынша талаптар _____;

мүлік кепілімен қамтамасыз етілген талаптар _____;

салықтық және кедендік төлемдер, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар бойынша талаптар _____;

азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша талаптар _____;

залалдардың орнын толтыру және тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) өндіріп алу бойынша талаптар _____.

4.2. Кредиторлардың өтініштері мен талаптарын қарау, кредиторлар берешегін есептеудің дұрыстылығын тексеру, қаржылық және салық есептілігін қарау, кредиторлармен өзара салыстыру, және талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесі:

реттік санының №	Кредитор	Талапты (өтінішті) беру күні	Берешектің сомасы (мың теңге)	Берешектің пайда болу негіздері	Уақытша әкімшінің (оңалтуды басқарушының) шешімі				Шағым жасалған жағдайда соттың шешімі	Ескертпе
					Кредиторға хабарлаған күні	Танылған сомасы (мың теңге)	Танылмаған сомасы (мың теңге)	Шешімді қабылдау негізі		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

4.3. Уақытша әкімші уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне кредиторлар талаптарының тізілімін 20__ жылғы " __ " _____ жолдады, кредиторлар талаптарының тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсында 20__ жылғы " __ " _____ орналастырылды.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес кредиторлық берешектің жалпы сомасы _____ мың теңге, оның ішінде кезек бойынша:

- 1-кезек _____ ;
- 2-кезек _____ ;
- 3-кезек _____ ;
- 4-кезек _____ ;
- 5-кезек _____ ;
- 6-кезек _____ .

4.4. Кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер енгізу туралы мәліметтер: _____ ; (өзгерістердің мазмұны)

Кредиторлар талаптарының тізілімі (енгізілген өзгерісті есепке алғанда) уәкілетті органның интернет-ресурсында 20__ жылғы " __ " _____ орналастырылды.

4.5. Кредиторлық берешекті өтеу туралы мәліметтер:

реттік санының№	Кезектің атауы	Талаптың сомасы, (мың теңге)			Қанағаттандырылған кредиторлар талаптарының пайызы	Ескертпе
		Тізілімге сәйкес кредиторлардың мәлімделген талаптары	Қанағаттандырылған кредиторлар талаптары			
			ақшалай түрде	заттай түрде		
1	2	3	4	5	6	7
1	Кредиторлық берешектің жалпы сомасы					
2	1-кезек					
3	2-кезек					
4	3-кезек					
5	4-кезек					
6	5-кезек					
7	6-кезек					

Ескертпе: талаптары қанағаттандырылған және қанағаттандырылмаған кредиторлардың (кредиторлық берешектің өтеу күнін, сомасын және нысандарын көрсете отырып) толық тізімі қоса беріледі.

5. Оңалту рәсімін енгізу алдындағы үш жыл кезеңінде, Заңының 7-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде борышкер жасаған мәмілелерді анықтау.

Оңалту рәсімін қолдану алдындағы үш жыл кезеңінде, борышкер мүлікінің (активтер) бар болуы және қозғалысы (сатып алу және иеліктен шығарумен байланысты мәмілелер) туралы мәліметтерді алу туралы ақпарат:

№ реттік саны	Сұрау салу туралы мәліметтер			
	Сұрау салу жолданған мемлекеттік орган	Сұрау салу жолданған күн	Жауапалынған күн	Жауаптың қысқаша мазмұны
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Мәмілелер туралы мәліметтер									
Оңалту рәсімін енгізу алдындағы үш жыл бұрынғы, борышкермен жасалған мәміле					Контрагенттің атауы немесе Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Мәмілені жасау фактісін растайтын құжат	Мәмілені жасау фактісін растайтын құжаттың алу дереккөзі	Мәміледе, оны жарамсыз деп танудың негіздері бар болуы	Ескертпе
Мәміле түрі	Бағасы (мың теңге))	Төлеу мерзімі	Төлеу тәсілі	Нақты төленген сомасы (мың теңге)					
6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

Активтерді шығарудың себептері және негіздері (мүлік иелерінің немесе уәкілетті органдардың шешімдері және басқалары): _____

—

6. Борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану жөніндегі қабылданған шаралар және заңсыз шығарылған мүлікті қайтару туралы ақпарат

Мүліктік массаға мүлікті қайтару туралы сот шешімдерінің бар болуы:

реттік санының№	Шарт туралы мәліметтер				Мүлікті қайтару бойынша қабылданған шаралар	
	№	Күні	Заты	Сомасы (мың теңге)	Оңалтуды басқарушының сотқа наразылықты/ талап қоюды жолдау туралы мәліметі (күні, шығыс №)	Сот актісінің күні және нөмірі, соттың атауы
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Мүлікті қайтару бойынша қабылданған шаралар					

Талап арызды қарау нәтижесі бойынша сот актісінің қысқаша мазмұны, нормативтік құқықтық актіге сілтеме	Сот шешіміне шағым жасау (наразылық білдіру) туралы мәліметтер	Мүлікті нақты қайтару күні	Өндіріп алуға жататын мүліктің баланстық құны, (мың теңге)	Ескертпе
8	9	10	11	12

7. Дебиторлық берешекті өндіріп алу

Оңалту рәсімін енгізу күніне құрылған дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша ақпарат:

реттік санының №	Дебитордың атауы, (ЖСН/БСН)	Заңды мекен жайы /орналасқан жері	Дебиторлық берешектің құрылу күні мен туындау негізі	Дебиторлық берешектің сомасы, (мың теңге)	Оңалтуды басқарушының дебиторға талаптың жолдау күні	Оңалтуды басқарушының сот органдарына шағым жасау күні	Талап қоюды қарау нәтижесіндегі сот актісінің қысқаша мазмұны
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Сот актісін шығару күні	Іс-жүзінде өндіріп алынған дебиторлық берешектің сомасы, (мың теңге)	Дебиторлық берешекті есептен шығарудың негізі (бұйрық, хаттама және өзге де құжаттар) және себептері (сот шешімі бойынша дебиторды таратуға, талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуіне, дебитордың болмауына байланысты)	Ескертпе
9	10	11	12

Іс-жүзінде өндіріп алынған дебиторлық берешек: _____
(мың теңге)

Өндіріп алу үмітсіз деп танылған дебиторлық берешек: _____
(мың теңге)

8. Борышкерді төлем қабілетсіздікке әдейі әкелу белгісінің және оңалту кезіндегі заңсыз әрекетінің бар (жоғы) болуы туралы, сондай - ақ қабылданған шаралар туралы ақпарат

Құқық қорғау органдарына материалдарды жолдау:

Құқық қорғау органдарына өтінішті жолдау	Құқық қорғау органдары қабылдаған шаралар (шешімдер)							Көрсетілген фактілер бойынша материал	
	Қылмыстық іс қозғаудан бас тартылды		Қылмыстық іс қозғалды		Қылмыстық іс жабылған		Қылмыстық іс тоқтатылған		

күні және №	күні	негізі бапты көрсету)	(күні	негізі бапты көрсету)	(күні	негізі бапты көрсету)	(күні	негізі бапты көрсету)	(дарды сотқа жолдау күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Құқық қорғау органдарының шешімдеріне шағым жасау туралы мәліметтер		Құқық қорғау органдарының іс-әрекеттеріне шағым жасау бойынша қабылданған шешім		Соттың атауы	Факті бойынша сот шешімі (күнін, №, нормативтік құқықтық актіге сілтемені көрсете отырып қысқаша мазмұны)	Ескертпе
күні	қысқаша мазмұны	күні	қысқаша мазмұны			
11	12	13	14	15	16	17

9. Қорытынды ереже

Оңалту жоспарын орындау қорытындысы: _____

Есеп _____ парақта жасалды, _____ парақ нөмірленген және тігілген.

Қосымша: _____ парақта.

Оңалтуды басқарушы _____

_____ Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) (қолы)

Бас бухгалтер _____

_____ Т.А.Ә. (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) (қолы)

Ескертпе:

* - растайтын құжаттар көшірмелері қоса беріледі.

** - "Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші" (ЭҚТЖЖ) Қазақстан Республикасы 03-2007 мемлекеттік классификаторына сәйкес коды көрсетілген қызмет түрі.

Оңалтуды басқарушының қорытынды есебіне "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 тіркелген) бекітілген нысандар бойынша оңалту рәсімі

енгізілген күнгі және аяқталған күнгі жағдай бойынша қаржылық есептілік қоса беріледі.

Борышкерге қатысты оңалту рәсімінің мақсатына қол жеткізілген жағдайда Оңалтуды басқарушының қорытынды есебінің 1, 2, 4 және 9-бөлімі толтыруға жатады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Қазақстан
Республикасы Қаржы
министрінің
2014 жылғы 15 мамырдағы
№ 224 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол
жеке басын куәландыратын
құжатта көрсетілсе)
(бұдан әрі – Т.А.Ә.)
немесе борышкердің атауы)
кредиторлар жиналысының
20__ жылғы " __ " ____
№__ хаттамасымен*
келісілді

кредиторлар жиналысы
төрағасының Т.А.Ә.

Банкроттықты басқарушының қорытынды есебі

_____ (күні) _____ (жасалған жері)

_____ (банкроттықты басқарушының Т.А.Ә.)

1-бөлім. Борышкер туралы жалпы мәліметтер

1.1. Борышкер туралы мәліметтер:

Атауы (құрылтай құжаттарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде)/Т.А.Ә.	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН)/ жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН)	Ұйымдастыру-құқықтық нысаны	З а ң д ы мекенжайы, телефоны	Экономикалық қызметтің түрі, коды**	Өндірістік қызметті жүзеге асыруы
1	2	3	4	5	6

1.2. Басшы (басшылары)/лауазымды адамдары туралы мәліметтер:

реттік санының №	Басшының Т.А.Ә.	ЖСН	Басшылық ету кезеңі		Тұрғылықты жері (заңды мекен жайы), телефоны
			бастап	дейін	
1	2	3	4	5	6

1.3. Құралтайшы (құралтайшылар) туралы мәліметтер:

реттік санының №	Атауы/Т.А.Ә.	БСН/ЖСН	Қатысу үлесі және сомасы (пайыз, сомасы мың теңге)	Қатысу кезеңі	Заңды мекенжайы/ тұрғылықты жері, телефоны
1	2	3	4	5	6

1.4. Жарғылық капиталдың мөлшері (мың теңге): _____.

1.5. Жарғылық капиталдағы мемлекеттің қатысуы туралы мәліметтер, (пайыз, сомасы мың теңге) _____.

1.6. Борышкер-заңды тұлғаның борышкер мүлкінің меншік иесінің (оған уәкілетті органның), құрылтайшысының (қатысушысының) және/немесе лауазымды адамының (адмдарының) не дара кәсіпкер-борышкердің заңды тұлғалардағы қатысуы туралы мәліметтер:

реттік санының №	Атауы	БСН	Қатысу үлесі және сомасы (пайыз, сомасы мың теңге)	Қатысу кезеңі	Заңды мекенжайы/ телефоны	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

1.7. Банкроттық рәсімін енгізу алдындағы үш жыл кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны: _____.

1.8. Борышкердің әділет органдарында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер:

реттік санының №	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні	Тіркеу нөмірі	Тіркеу орны (әділет органының атауы)	Тіркеу негізі (жаңадан құрылған, қайта құрылған және басқалар)	Қайта тіркеу негізі (жарғылық капитал мөлшерінің төмендеуі, атауының өзгеруі, қатысушылар құрамының өзгеруі және басқалар)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

1.9. Борышкердің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарында тіркелуі туралы мәліметтер:

реттік санының №	Мемлекеттік кірістер органы	Есепке қою күні	Есептен шығару күні	Есептен шығару себебі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

1.10. Борышкерді салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объектінің орналасқан жері бойынша, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде, қосылған құн салығы бойынша мемлекеттік кірістер органдарында тіркеу есебіне алу туралы мәліметтер:

реттік санының №	Мемлекеттік кірістер органы	Есепке қою күні	Тіркеу есебіне алудың жүзеге асырылуы	Есептен шығару күні	Есептен шығарудың себебі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

1.11. Уақытша басқарушы туралы мәліметтер:

реттік санының №	Уақытша басқарушының Т.А.Ә./ атауы	Уақытша басқарушының өкілетін жүзеге асыру туралы келісім (болған жағдайда)		Тағайындау туралы бұйрық (егер салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор, мемлекеттік орган немесе мемлекет қатысатын заңды тұлға өтініш беруші болып табылса)		Шеттету туралы бұйрық			Ескертпе
		№	күні	№	күні	№	күні	негізі	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

1.12. Банкроттықты басқарушы туралы мәліметтер:

реттік санының №	Банкроттықты басқарушының Т.А.Ә.	Банкроттықты басқарушының таңдау туралы кредиторлар жиналысының хаттамасы*		Тағайындау туралы бұйрық		Шеттету туралы бұйрық			Ескертпе
		№	күні	№	күні	№	күні	негізі	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

2. Ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралар

2.1. Банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы соттың 20__ жылғы "___" _____ ұйғарымы.

2.2. Уәкілетті органның интернет-ресурсында 20__ жылғы "___" _____ орналастырылған, банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыру.

2.3. Борышкерді банкрот деп тану туралы соттың 20__ жылғы "___" _____ шешімі, борышкерді банкрот деп тану туралы соттың шешімі 20__ жылғы "___" _____ заңды күшіне енді.

2.4. Уәкілетті органның интернет-ресурсында 20__ жылғы "___" _____ орналастырылған, борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру.

3. Кредиторлар комитетін қалыптастыру және кредиторлар жиналысы

3.1. Кредиторлар комитетінің құрамы және оған өзгерістер (егер енгізілсе), кредиторлар жиналысының 20____ жылғы "____" _____ № _____ хаттамасы*:

реттік санының №	Кредиторлар комитетінің құрамы (кредитордың Т.А.Ә./ атауы)
1	2

3.2. Кредиторлар жиналысының отырыстары және қабылданған шешімдер (оның ішінде кепіл мүлікті қоспағанда, мүлікке бағалау жүргізу туралы, кредиторлар комитетінің жұмыс регламенті бекіту туралы, "Банкроттықты басқарушының негізгі сыйақысының ең төменгі және ең жоғарғы шегін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 344 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20321 тіркелген) белгіленген шекте банкроттықты басқарушыға негізгі сыйақы мөлшерін айқындау туралы, банкроттың мүлкін тікелей сату туралы, банкроттық рәсімі барысында оңалту рәсіміне өту туралы, қорытынды есепті келісу бойынша және өзгелер)*:

реттік санының №	Хаттама нөмірі	Отырыстың күні	Күн тәртібі	Қабылданған шешім	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

3.3. Кредиторлар комитетінің отырыстары және қабылданған шешімдер (оның ішінде банкроттықты басқарушы мен кредиторлар комитетінің арасындағы келісім шарттарды жасау және бұзу, банкроттың жаңадан анықталған не мүлдік массаға қайтарылған мүлкіне бағалау жүргізу туралы, мүлдік сату жоспарын бекіту, мүлдік баланстық құны бойынша электрондық аукционға қою туралы, борышкердің өндіріп алу мүмкін емес дебиторлық берешегінің сомасын бекіту және өзгелер)*:

реттік санының №	Хаттама нөмірі	Отырыстың күні	Күн тәртібі	Қабылданған шешім	Ескертпе
1	2	3	4	5	6

4. Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру

4.1. Банкроттық рәсімін қозғау күніне бухгалтерлік баланс бойынша жалпы кредиторлық берешек _____ (мың теңге)

оның ішінде:

өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша; алименттерді өндіріп алу бойынша; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектерді төлей отырып, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбегіне ақы төлеу және оларға өтемақылар төлеу бойынша; қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін авторларға сыйақылар төлеу бойынша талаптар _____;

мүлік кепілімен қамтамасыз етілген талаптар _____
_____;

салықтық және кедендік төлемдер, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары, пайыздар бойынша талаптар _____;

азаматтық-құқықтық және өзгеде міндеттемелер бойынша талаптар _____
_____;

залалдардың орнын толтыру және тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) өндіріп алу бойынша талаптар _____.

4.2. Кредиторлар өтініштерін және талаптарын қарау, кредиторлар берешегін есептеудің дұрыстылығын тексеру, қаржылық және салық есептілігін қарау, кредиторлармен өзара салыстыру, және талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесі:

реттік санының №	Кредитор	Талапты (өтінішті) беру күні	Берешек тің сомасы (мың теңге)	Берешек тің туындау негізі	Уақытша басқарушының (банкроттықты басқарушының) шешімі				Шағым жасалған жағдайда соттың шешімі	Ескертпе
					Кредиторға хабарлаған күні	Танылған сомасы (мың теңге)	Танылмаған сомасы (мың теңге)	Шешімді қабылдау негізі		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

4.3. Уақытша басқарушы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне кредиторлар талаптарының тізілімін 20__ жылғы "___" _____ жолдады, кредиторлар талаптарының тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсында 20__ жылғы "___" _____ орналастырылды.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес кредиторлық берешектің жалпы сомасы _____ мың теңге, оның ішінде кезек бойынша:

1-кезек _____;

2-кезек _____;

3-кезек _____;

4-кезек _____;

5-кезек _____;

6-кезек _____.

4.4. Кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер енгізу туралы мәліметтер*: _____
_____;

(өзгерістердің мазмұны)

Кредиторлар талаптарының тізілімі (енгізілген өзгерісті есепке алғанда) уәкілетті органның интернет-ресурсында 20__ жылғы "___" _____ орналастырылды.

5. Мүлікке (активтерге) түгендеу жүргізу, бағалау, мүліктік массаны қалыптастыру

5.1. Банкроттықты басқарушыға берілген құрылтай құжаттарын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрді (бар болған жағдайда), мөртабанды,

есепке алу құжаттамаларды қабылдау-беру актісі, 20__ жылғы " __ " _____ акті*

5.2. Банкроттықты басқарушыға берілген, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды қабылдау-беру актісі, 20__ жылғы " __ " _____ акті*.

5.3. Борышкердің мүліктік массасына түгендеу жүргізілді: _____ . (түгендеу туралы есептің, тізімінің күні, нөмірі*)

Уақытша басқарушының мүлікті түгендеу туралы есебін мақұлдау туралы 20__ жылғы " __ " _____ № _____ кредиторлар жиналысының хаттамасы.

5.4. Түгендеу және бухгалтерлік баланс туралы ақпарат:

Түгендеу туралы мәліметтер		Бухгалтерлік баланс бойынша активтердің құны (дебиторлық берешексіз), (мың теңге)							
Күні	Акт және тізім №	Барлығы		Ақшалай қаражат		Запастар		Негізгі құрал-жабдықтар	
		Түгендеу	Баланс	Түгендеу	Баланс	Түгендеу	Баланс	Түгендеу	Баланс
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы									
Бухгалтерлік баланс бойынша активтердің құны (дебиторлық берешексіз), (мың теңге)								Баланс және түгендеу бойынша құнының айырмашылығы	
Аяқталмаған құрылыс		Материалдық емес активтер		Дайын өнімнің қалдықтары		Өзге активтер			
Түгендеу	Баланс	Түгендеу	Баланс	Түгендеу	Баланс	Түгендеу	Баланс	Сомасы (мың теңге)	Себебі
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

Алшақтықтар болған жағдайда түгендеудің нәтижесі бойынша қабылданған шаралар:

5.5. Борышкердің мүлкіне бағалау туралы мәліметтер:

Бағалау туралы мәліметтер							
реттік санының №	Бағалаушының атуы	ЖСН/БСН	Бағалау туралы шарт (күні, №)	Бағалау туралы есептің күні	Бағалау нәтижелері (мүліктің атауы, бағалау туралы есепке сәйкес құны, мың теңге)*	Мүлікті бағалау бойынша қызмет құны (мың теңге)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

Борышкердің мүлкіне (активтеріне) бағалау жүргізу туралы 20__ жылғы " __ " _____ № _____ кредиторлар жиналысының хаттамасы.

5.6. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебінен кепіл мүлкін кепілді кредиторларға беру туралы мәліметтер:

реттік санының №	Мүліктің атауы	Мүліктің бағалау құны (мың теңге)	Кепілді кредитордың атауы	Кепілді кредитор талабының сомасы (мың теңге)	Бірінші кезектегі талаптар бойынша кепілді кредитор өтеген сома (мың теңге)	Мүлікті беру күні	Кепілді мүлікті бағалау мен ұстауға байланысты төленген әкімшілік шығындар сомасы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

6. Дебиторлық берешекті өндіріп алу

Банкроттық рәсімін енгізу күніне қалыптасқан дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша ақпарат:

реттік санының №	Дебитордың атауы, (ЖСН/БСН)	Заңды мекен жайы / орналасқан жері	Дебиторлық берешектің қалыптасу күні мен негізі	Дебиторлық берешектің сомасы, (мың теңге)	Банкроттық басқарушының дебиторға талапты жолдау күні	Банкроттық басқарушының сот органдарына шағым жасау күні
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Талап арызды қарау нәтижесі бойынша сот актісінің қысқаша мазмұны	Сот актісін шығару күні	Нақты өндіріп алынған дебиторлық берешектің сомасы (мың теңге)	Дебиторлық берешекті есептен шығарудың негізі (бұйрық, хаттама және өзге де құжаттар) және себептері (сот шешімі бойынша дебиторды таратуға, талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуіне, дебитордың болмауына байланысты)	Ескертпе
8	9	10	11	12

Іс-жүзінде өндіріп алынған дебиторлық берешек:

_____. (мың теңге)

Өндіріп алу үмітсіз деп танылған дебиторлық берешек:

_____. (мың теңге)

7. Мүліктік массаны сату

7.1. Кредиторлар жиналысының хаттамасымен бекітілген сату жоспары*:

1) 20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____ * _____;

- 2) 20 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____ № _____ * _____ ;
- 3) 20 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____ № _____ * _____ ;
- 4) 20 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____ № _____ * _____ ;
- 5) 20 _____ ЖЫЛҒЫ " _____ " _____ № _____ * _____ .

7.2. Электрондық аукциондарды өткізу және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылғаны туралы ақпарат:

- | | | | | | | |
|-------|-------|---|---|---|---|---|
| 1) 20 | ЖЫЛҒЫ | " | " | № | * | ; |
| 2) 20 | ЖЫЛҒЫ | " | " | № | * | ; |
| 3) 20 | ЖЫЛҒЫ | " | " | № | * | ; |
| 4) 20 | ЖЫЛҒЫ | " | " | № | * | ; |
| 5) 20 | ЖЫЛҒЫ | " | " | № | * | |

7.3. Мүліктік массаны, сондай-ақ дебиторлық берешекті сату және борышкердің мүлкін (активтерін) сатып алушылар, сондай-ақ борышкермен үлестес сатып алушылар туралы ақпарат:

реттік санының №	Өткізілген электрондық аукцион туралы мәліметтер		Мүліктік массаны, сондай-ақ дебиторлық берешекті сату туралы ақпарат							
	Күні	Өтінім беру кезеңі	Лот №	Мүліктің атауы	Лот сипаттамасы (шығарылған/салынған жылы, техникалық жай-күйі)	Бағалау құны (мың теңге)	Сату жоспарындағы бастапқы баға (мың теңге)	Сату жоспарындағы ең төменгі баға (мың теңге)	Электрондық аукцион күні	Іс-жүзінде сату бағасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

